

«КЕЛІСІЛДІ»

Ырғыз аудандық білім бөлімінің
басшысы:

Д.Ы.Ысқаков 

«29» 08 2025 ж



«БЕКІТІЛДІ»

«Еркетай» бөбекжай-бақшасы
меңгерушісі муа:

Е.А.Төрехан 


«29» тамауы 2025 ж



«Шебер қолдар»
(вариативтік компонент)

«Еркетай» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Тәрбиеші:



А.Ж.Әміржанова

Бөбекжай әдіскері:



Е.А.Төрехан

Құмтоғай ауылы, 2025 жыл

«Еркетай» бөбекжай-бақшасы МКҚК

«Құлыншақ» 4 жас ересек тобының

Тәрбиешісі: А.Ж.Әміржанова

4 жасқа «Шебер қолдар» тақырыбындағы талдауы

Пікір

"Шебер қолдар" вариативтік компоненті балаларды дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, табиғи материалдарды қолданып өз шығармашылық қабілеттерін дамытып, жасаған жұмыстары туралы әңгімелей білуге үйретеді. Осы орайда тәрбиеші балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып ой өрісін, шығармашылық қабілеттерін шыңдауларына, бір затты әр қырынан көре білулеріне, жасаған жұмыстарын талдауларына, өз ойларын жеткізе білулеріне тақырыпты сай алған. Жұмыс жасау барысында бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникасын меңгерту, саусақ моторикасының даму, эстетикалық талғамының қалыптасу дағдыларын көрсете білген. Көзделген мақсатқа сай сурет өнеріне деген қызығушылықтарын арттырып, бастаған істі аяғына жеткізуге, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелей отырып, рухани – адамгершілік қасиеті дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру қолға алынған.

Пікір беруші «Еркетай» бөбекжай-бақша әдіскері:



Е.А.Төрехан

Түсінік хат

Дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салу, мүсіндеу, қол еңбегі бүлдіршіндердің ең сүйікті ісі. Өйткені, бояу әлеміне ену, оны қолмен ұстап, сезіну арқылы салынған дүние – балалардың танымдық деңгейін ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортаға деген қызығушылығын да арттырады. Сондықтан болар, дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу:

- баланың психикасына (эмоционалдық жағдайына);
- логикалық ойлау қабілетіне;
- саусақ моторикасының дамуына;
- көзбен көріп, мөлшерлей білуді;
- эстетикалық талғамының қалыптасуына зор ықпал етеді.

Жалпы, мектепке дейінгі мекемелердегі мүсіндеудің, табиғи материалдармен жұмыс жасаудың шығармашылық қабілеттерін шыңдауда балалар үшін маңызы зор. Өз түсінгенін бұқпасыз, боямасыз жеткізетін жеткіншектің бейнелеу арқылы бағдарлауында тәрбиешінің орны ерекше. Сондықтан да, өзімнің шығармашылық жұмысымның арқауы ретінде осы дәстүрден тыс әдіс арқылы мүсіндеуді, қол еңбегін алуды жөн көрдік. Аптасына бір рет өткізілетін бұл іс-әрекеттер балалардың қиялын, ой-өрісін дамытады, шығармашылыққа жетелейді.

Шығармашылық жұмысымның өзектілігіне келер болсақ: Бала қиялына ерік беру арқылы оның ішкі сезімін, жан дүниесін бағдарлау, нәтижеге жетер жолдағы тиянақтылық пен іскерлік дағдысын дамыту.

Ерте кезде-ақ философтар шығармашылық феноменды аңғаруға және адам дамуына ықпалы қаншалықты екенін анықтауға ұмтылды (Платон, Аристотель, Ф. Аквинский, И.Кант). Орыс философиясында шығармашылық зор түсініктердің бірі екендігін мойындайды (В.С.Соловьев, В.Н.Лосский, И.А.Беряев).

Бейнелеу өнері шығармаларын жақсы дәрежеде қабылдау үшін, бала өнердің өзінің бейнелеу тілін түсінетін дамыған қабілет болу қажет. Өнер қабылдау балада арнайы үйренуді қажет етеді.

«Шебер қолдар» бағдарламасының

Мақсаты:

Мүсіндеудің бала тәрбиесінде алатын маңызы өте зор. Мүсіндеу арқылы баланың саусақ моторикалары дамиды, ой-қиялы артады, эстетикалық талғамдары қалыптасады.

Міндеттері:

1. Мүсіндеуде техникалық дағдылар мен іскерліктерін қалыптастыру.
2. Шығармашылық іс-әрекет процесіне, көркем шығармалары мен қазақ халқының және өзге де халықтардың шығармашылығына эмоционалдық қарым-қатынастарын білдіруге тәрбиелеу.

Мазмұны:

Сазбалшықтың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру: сазбалшық жұмсақ, бөліп алуға, илеп мүсіндер жасауға болады.

Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен ұзу, жұлу, жаншу, созу тәсілдерін қолдана отырып мүсіндеуге үйрету,

Кесекті алақан арасында және жазықтықта түзу және домалақтау арқылы илеу іскерліктерін жетілдіру.

Бөліктері бірнеше заттарды мүсіндеу, дұрыс орналастыру, қатынастарын сақтау, бір-бірімен біріктіру тәсілдерін көрсету.

Мүсіндеуді сазбалшықпен, ермексазбен, тұзды қамырмен пайдалануға болады. Соның ішіндегі тұзды қамырды пайдаланудың ерекшелігі басым түседі.

Тұзды қамырдың артықшылығы:

1. Көп шығын шығармай, өзіңізге керек уақытта дайындап алуға болады.
2. Тез жуылады, дақ қалдырмайды.
3. Ауызға түскенде қауіпсіз.
4. Мүсіндегенде қолға жабыспайды.
5. Кептіруге болады.
6. Боялған қамырмен жұмыс істеуге болады, дайын мүсінге сурет салуға қолайлы
7. Тұзды қамырдан жасалған ойыншықтармен қорықпай ойнауға болады
8. Лакпен қатырса, ұзақ мерзімге сақталады.

«Шебер қолдар» (мүсіндеу) вариативтік компонентінің
ұйымдастырылған іс әрекетінің күнтізбелік- тақырыптық жоспары.

Р/с	Айы	Тақырыбы	Сағат саны	Апта күні
1	Қыркүйек	1. «Күз сыйлығы»	1	4.09.2025
		2. «Күз сыйлығы»	1	11.09.2025
		3. «Добым, добым дөңгелек»	1	18.09.2025
		4 «Добым, добым дөңгелек»	1	25.09.2025
2	Қазан	1. «Жүзік»	1	2.10.2025
		2. «Жүзік»	1	9.10.2025
		3. «Алтын балық»	1	16.10.2025
		4. «Алтын балық»	1	23.10.2025
3	Қараша	1. «Үйрек»	1	6.11.2025
		2. «Үйрек»	1	13.11.2025
		3. «Торғай»	1	20.11.2025
		4.«Торғай»	1	27.11.2025
4	Желтоқсан	1. Үй жануары «Қозы»	1	4.12.2025
		2. Үй жануары «Қозы»	1	11.12.2025
		3. «Шыршаға арналған ойыншықтар»	1	18.12.2025
		4 «Шыршаға арналған ойыншықтар»	1	25.12.2025
5	Қаңтар	1. «Мен, менің достарым жануарларым»	1	2.01.2026
		2. «Мен, менің достарым жануарларым»	1	9.01.2026
		3. «Аққала»	1	16.01.2026
		4. «Аққала»	1	23.01.2026
6	Ақпан	1. «Ұшақ»	1	5.02.2026
		2. «Ұшақ»	1	12.02.2026
		3. «Машина»	1	19.02.2026
		4. «Машина»	1	26.02.2026
7	Наурыз	1. «Анама арналған гүл»	1	5.03.2026
		2. «Анама арналған гүл»	1	12.03.2026
		3. «Қуыршаққа арналған моншақтар»	1	19.03.2026
		4. «Қуыршаққа арналған моншақтар»	1	26.03.2026
8	Сәуір	1. «Түймедақ»	1	2.04.2026
		2. «Түймедақ»	1	9.04.2026
		3. «Адам бейнесі»	1	16.04.2026
		4. «Адам бейнесі»	1	23.04.2026
9	Мамыр	1. «Гүлді алма ағашы»	1	30.04.2026
		2. «Гүлді алма ағашы»	1	14.05.2026
		3. «Үлкен және кіші саңырауқұлақтар»	1	21.05.2026
		4. «Үлкен және кіші саңырауқұлақтар»	1	28.05.2026
	Барлығы		36	

Пайдаланылған әдебиеттер:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты

1. Балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Зерек бала» бағдарламасы

2. Қазақ ертегілер жиынтығы

Алматы «Балауса баспасы» 2003 жыл

3. Ертегілер елінде

Алматы «Аруна Ltd»

4. Кел, балалар, оқылық

Алматы «Дәуір кітап»

5. Ш.Перроның ертегілері

Алматы «Проф-Пресс» баспасы

6. Сөйлейтін кітап «Әлем ертегілері»

Алматы «Тәлім-Таным» ЖШС

7. Р.Тұрысбек, З.Сейтжанова

Жануарлар туралы ертегілер

Алматы «Аруна» баспасы

8. Қ.Құрманғали

Орыс халық ертегілері

Алматы «Жалын» баспасы

9. М.Мақашева

Әйбат ертегілер

Алматы «Аруна» баспасы